Балалармен жеке жұмыс	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырады, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға үйрету. (**Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыруға дағдыландыру. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден тани алуға дағдыландыру. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінуге үйрету. **(Коммуникативтік дағдылары)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Қарқынды өзгертіп жүреді, жүгіруді дағдыландыру. (**Физикалық қасиеттері)**
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. **Ұлттық ойын** **«Ақ серек-Көк серек»** **Ойын мақсаты:** балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді. **“Адал азамат” бағдарламасы** Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**.№ 4** **Бақылау: Желді бақылау**.	**№ 2** **Бақылау: Бұлтты бақылау.**	**№ 14** **Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.**	**№ 20** **Бақылау: Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.**	**№ 19** **Бақылау: Күзгі көріністі бақылау.**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу, еркін ойындар Қ/о:Қоян мен қасқыр «Үйшік» Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру **(Құрастыру)**	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар орындық т.б **(құрастыру)** Қ/о: Тырналар-тырналар	Мысықтың дауысын салу. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»	Қандай көкөніс пен жеміс-терді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Сурет салу, кітап қарауды ұсыну.	Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Әділдік және жауапкершілік**

Аптаның дәйек сөздері: *«Жауапты бала – жақсы дос!»*

Топ: «Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 10 – 14 қараша 2025 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Әнұран айту.** Еліміздің рәміздері туралы әңгіме жүргізу.	**«Көңіл толқыны»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	**«Ақсақ құлан»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу**.** **«Ақсақ киік»** күйімен қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	**«Адай»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Баланы балабақшадан қалдырмау туралы кеңес беру	Балабақшада қойылатын талаптарды біріңғай үйдеде қолдануға кеңес беру	Үйде балаға балабақша туралы кітап мен мульфильмдер көрсету туралы кеңес беру	Балабақшада баланың болуы оның өміріндегі маңыздылыгы туралы ата-анаға кеңес беру	Баланы балабақшаға жақсы көңіл күймен ұйқыдан тұрғызып, аналық мейірім төгіп әкелу туралы кеңес беру
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	**Үстел үсті ойыны «Мозайка»** **Міндеттері:** балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу	**Дидактикалық ойын «Бауда әлде бақшада?»** **Міндеттері:** балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету.	**Ойыншыққа суреттерді табыңыз»** **Міндеттері:** Балалар нақты заттың сұлбасы мен пішінін елестетуге үйренеді. Жазық кескін мен көлемді нысандағы кескіндерді таңдауға үйретеді.	**Үстел үсті ойындар. "Пазл "құрастыру** **Міндеттері**: Балалар үстел-үсті ойындар арқылы еркін жұмыс жасады.	**« Жұбын тап»** **Міндеттері:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. **(математика негіздері)**
Ертеңгілік жаттығу	№ 5 жаттығу кешеші қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»-** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсын арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Жұмбақтар жасыру.** **Мақсаты:** жұмбақ жасыру арқылы балалардың ой – өрісін,ойлау қабілетін дамиды. (**тілдік қарым-қатынас**ы)	**Санамақ** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем,	**Мақал-мәтелдер айту.** **Міндеттері:** «Ұ», «ү», «і», «қ» дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға үйрету. Ұлық болсаң -кішік бол. Жүзден - жүйрік, Мыңнан - тұлпар.	**Жаңылтпаш жаттау** Ескекті ескекші еседі, Ескекші ескекті еседі. Жаға жай, Жағажайда – Қамажай.	**Артикуляциялық жаттығулар.** **Міндеттері:** Артикуляциялық аппаратты жетілдіру,сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту. 1.Тісімізді тазалаймыз: Ауызды ашып, тілдің ұшымен

		Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен.	Ананың ізін қыз басар, Атаның ізін ұл басар. **(Қазақ тілі)**		жан-жаққа, одан кейін жоғарыдан төмен қарай қозғалыстарды жасау. 2. Сағат: Аузымызды ашып, тілімізді сыртқа шығарамыз. Тілдің ұшымен оңға, солға қозғалтамыз. **(Тіл дамыту)**
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** **(таза ауада)** **Міндеттері:** табанның алдыңғы бөлігімен жүруге, басты дұрыс ұстауға үйрену. Шектелген алаңда статикалық тепе-теңдікті сақтай білуді беките түсу. Биіктікке секіруге жаттығу, аяқпен демеп ептілікпен секіруді жетілдіру. **І. ҰІӘ** Ойыншық қонжыққа назар аудартады. *Алақанды соқ, соқ,* *Аяқтармен топ-топ.* *Қос шынтағы бүгілді,* *Көзге ұйқы тығылды.* *Қонжық, қонжық, шаршама,* *Бізбен бірге ойна да!* Қонжықты ешкім естімейтіндей етіп жүруге үйретуді ұсынады – аяқтың ұшымен,аяқтың ұшына көтерілу, өкшеге түсу, қолды белге қою. **ІІ. Негізгі кезең.** Қонжыққа оны ешкім естімейтіндей ақырын аяғының ұшымен жүруді үйретеді. Аяғының ұшына көтеріліп, өкшесін баспай, қолын беліне әкеліп жүру. **Сәкі үстінде орындалатын ЖДЖ** – статикалық тепе-теңдікті сақтау. **Негізгі қимылдарды ойын**	**Дене тәрбиесі** **Міндеттері:** Ойыншық қонжыққа назар аудартады. **І. ҰІӘ** *Алақанды соқ, соқ,* *Аяқтармен топ-топ.* *Қос шынтағы бүгілді,* *Көзге ұйқы тығылды.* *Қонжық, қонжық,* *шаршама,* *Бізбен бірге ойна да!* Қонжықты ешкім естімейтіндей етіп жүруге үйретуді ұсынады – аяқтың ұшымен,аяқтың ұшына көтерілу, өкшеге түсу, қолды белге қою. **ІІ. Негізгі кезең.** Қонжыққа оны ешкім естімейтіндей ақырын аяғының ұшымен жүруді үйретеді. Аяғының ұшына көтеріліп, өкшесін баспай, қолын беліне әкеліп жүру. **Сәкі үстінде орындалатын ЖДЖ** – статикалық тепе-теңдікті сақтау. **Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:** **І.Ойын: «Орнынды тап!».** Тоқтап және тапсырманы орындап	**Қазақ тілі** **ҰІӘ міндеттері:** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту жатығуларын жасату «Күрекше» – жалпақ тілді шығарып астыңғы ерінге ұстап тұру керек. Бірнеше рет қайталау керек. «Ине» -ауызды кең ашып тілді алға қарай жіңішкертіп шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік немесе жота» – ауызыңды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау. Видео материал көру әңгімелесу. Денсаулық дегеніміз не? «тазалық деген не?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуін жетілдіру **Қимылды ойын:** Денсаулыққа пайдалы дәрумендердің суреттерді тап **(қазақ тілі, тіл дамыту)** салынған тазалық құралдары, сүлгі, тарақ, тіс щеткасының түстерін дұрыс таңдап бояу. **(Сурет салу)** Құрылыс заттарынан	**ҰІӘ Міндеттері:** алға қарай екі аяқпен секіруге үйрету, бір мезетте екі аяқпен секіре білуді мүлтіксіз орындауды үйрену.Тіке бағытта төрттағандап еңбектеуге жаттығу. Таныс қимыл-қозғалысты жеңіл әрі еркін, ырғақпен және келісілген түрде кеңістікте белгіленген бағдармен, тепе-теңдікті сақтай отырып орындауды қалыптастыру. **І.ҰІӘ** Саусақ гимнастикасы: «Достық». *Біздің топта ұлдар мен қыздар* *Бір-бірімен тату-тәтті достар.* *Біз де сенімен достасайық,* *Біздің кішкене саусақтар.* «Қатып қал!» ойын жаттығуы музыкалық сүйемелдеумен тепе-теңдікті сақтау. **ІІ. Негізгі кезең.** Ойын жаттығуы: «Қатып қал!» Музыка ырғағымен және тепе-теңдікті сақтап жүреді. **Ойын гимнастикасы** *Алақанды ашайық,*	**Дене тәрбиесі** **Міндеттері:** табанның алдыңғы бөлігімен жүруге, басты дұрыс ұстауға үйрену. Шектелген алаңда статикалық тепе-теңдікті сақтай білуді беките түсу. Биіктікке секіруге жаттығу, аяқпен демеп ептілікпен секіруді жетілдіру. Қимыл-қозғалысты әртүрлі денешынықтыру жаттығуларымен және ойындармен толықтыра түсу. **І. ҰІӘ** Ойыншық қонжыққа назар аудартады. *Алақанды соқ, соқ,* *Аяқтармен топ-топ.* *Қос шынтағы бүгілді,* *Көзге ұйқы тығылды.* *Қонжық, қонжық, шаршама,* *Бізбен бірге ойна да!* Қонжықты ешкім естімейтіндей етіп жүруге үйретуді ұсынады – аяқтың ұшымен,аяқтың ұшына көтерілу, өкшеге түсу, қолды белге қою. **ІІ. Негізгі кезең.** Қонжыққа оны ешкім естімейтіндей ақырын аяғының ұшымен жүруді үйретеді. Аяғының ұшына көтеріліп, өкшесін баспай, қолын беліне әкеліп жүру. **Сәкі үстінде орындалатын**

	түрінде орындау: **І.Ойын: «Орнынды тап!».** Тоқтап және тапсырманы орындап (сәкіге шығу) шашыла жүгіру. **2. Ойын: «Сылдырмақты сылдырлат».** Жоғарыда тұрған затқа қолын тигізіп, биіктікке секіру – аяқтарымен жігерлене итеріліп, биіктікке секіру. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты беріп жібер»** Қасында тұрған баланың қолына допты ұстату. **Ұлттық ойын** **«Сақина жасыру»** **Ойын мақсаты:** балаларды алғырлыққа баулу. **Ойын шарты:** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды. **ҰІӘ Міндеттері.** Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетуге және жалпылауға ықпал ету, күз мезгіліне тән белгілерімен таныстыруды жалғастыру, жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін айтуды үйрету. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.	(сәкіге шығу) шашыла жүгіру. **2. Ойын: «Сылдырмақты сылдырлат».** Жоғарыда тұрған затқа қолын тигізіп, биіктікке секіру – аяқтарымен жігерлене итеріліп, биіктікке секіру. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты беріп жібер»** Қасында тұрған баланың қолына допты ұстату. **Ұлттық ойын** **«Сақина жасыру»** **Ойын мақсаты:** балаларды алғырлыққа баулу. **Ойын шарты:** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды. **ҰІӘ міндеттері:** заттардың өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау:(алыс – жақын); көріп қабылдаған ақпарат негізінде жұмбақтар шешуді жалғастыру; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді (жапсырмалар)	жуынатын бөлме құрастыру **(Құрастыру)** **ҰІӘ міндеттері:** заттардың өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау:(алыс – жақын); көріп қабылдаған ақпарат негізінде жұмбақтар шешуді жалғастыру; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді (жапсырмалар) кезектілігін сақтай отыра суретті толықтыру мақсатында жапсыру дағдыларын дамыту. **Ғажайып сәт.** Балаларға қорапты көрсетеді. Қораптың аузы жабық екен, бірақ онда бір нәрсе жатқанын айтады. Қораптың ішінде жатқан затты білу үшін, қораптың сыртында жазылған тақпақты оқу керек екен. **«Қорқақ» атты тақпағын оқиды.** Қоян қорқақ, Көрпеңде бұқпа. Балалармен ойна, Далаға шық та. Қорқақ, қорқақ, Үйқыңнан оян, Оян, қорқақ қоян! – Бұл тақпақ не туралы екен? **2. «Алыс – жақын» ойыны.** балалар мен қоянға суреттегі бие мен құлындарға қарауын ұсынады. **Балаларға сұрақ қояды:** – Суреттен нені көріп тұрсыңдар? –Қара құлыншақ қайда шауып кетті? –Ол басқаларынан алыста	*Шапалақты соғайық.* *Шап-шап-шапалақ,* *Шап-шап-шапалақ.* *Кәне, маған қара,* *Бәрін бірдей қайтала.* *Бір-екі-үш, бір-екі-үш,* *Бәрін бірдей қайтала* **«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру**. Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нұсқау – екі аяқпен бір мезетте жігерлене итерілу. **2.** «Аюлар» – **тіке бағытта төртаяқтап еңбектеу.** Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай еңбектейді. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».** Кішкентай балапанға айналуды ұсынады. **ҰІӘ міндеттері**: Өлең мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға.Тілдік қорларын дамыту. Күз мезгіліндегі табиғатты аялауға үйе білуге тәрбиелеу. **1. Б**алаларды терезеге жақындап, табиғатта болған өзгерістерді бақылауға шақырады. Күз келді. Күзде ағаш жапырақтары сарғайып, жерге түсе бастайды. Күзде құстар жылы жаққа ұшып кетеді.	**ЖДЖ** – статикалық тепе-теңдікті сақтау. **Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:** **І.Ойын: «Орнынды тап!».** Тоқтап және тапсырманы орындап (сәкіге шығу) шашыла жүгіру. **2. Ойын: «Сылдырмақты сылдырлат».** Жоғарыда тұрған затқа қолын тигізіп, биіктікке секіру – аяқтарымен жігерлене итеріліп, биіктікке секіру. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты беріп жібер»** Қасында тұрған баланың қолына допты ұстату. **Ұлттық ойын** **«Соқыр теке».** **Ойын шарты:** Балалар дөңгелене тұрады.Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар:Бота,бұзау,қозы, лақ Қайда кеткен құлыншақ Соқыртеке бақ-бақ Мені ізден тап-тап Деп тақпақтайды. Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы (баларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылайын жалғаса береді. **ҰІӘ міндеттері**: Үй жануарлары жайында

	Жаныltпаштар Жыл мезгілі туралы 1.Ар-ар - ар Жауады қар 2.Ел - ел - ел Соғады жел 3.Яз - яз - яз Сақылдаған сары аяз Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту , жабайы жануарлар туралы суреттеріне қарап әңгімелесу. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)** **"Дөңгелектер"** Міндеттері. Көлік түрлерінің түсіп қалған дөңгелектерін орнына жапсыру. **(жапсыру)** **«Өнегелі 15 минут»** "Достық пен көмек" **Міндеттері**: Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету**.** **Музыка** Балаларға әндерді үйрете отырып, музыкаға деген құштарлығын арттыру. Әнді барлығы бір қарқында айтуды дағдыландыру; Әнді бірге бастап,бірге аяқтауды үйрету. Ән тыңдау: «Күз жомарт» (Д.Ботбаев. Е.Өтетілеуұлы) Ән айту: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаевтікі Муз - ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би» Ойын: «Табиғат құбылыстары» Шарты:	кезектілігін сақтай отыра суретті толықтыру мақсатында жапсыру дағдыларын дамыту. **Ғажайып сәт.** Балаларға қораптың көрсетеді. Қораптың аузы жабық екен, бірақ онда бір нәрсе жатқанын айтады. Қораптың ішінде жатқан затты білу үшін, қораптың сыртында жазылған тақпақты оқу керек екен. **«Қорқақ» атты тақпағын оқиды.** Қоян қорқақ, Көрпеңде бұқпа. Балалармен ойна, Далаға шық та. Қорқақ, қорқақ, Ұйқыңнан оян, Оян, қорқақ қоян! – Бұл тақпақ не туралы екен? **2. «Алыс – жақын» ойыны.** балалар мен қоянға суреттегі бие мен құлындарға қарауын ұсынады. **Балаларға сұрақ қояды:** – Суреттен нені көріп тұрсыңдар? –Қара құлыншақ қайда шауып кетті? –Ол басқаларынан алыста тұр ма, жақында тұр ма? **Сергіту сәті. Қоян** Ыршып,ыршып секіріп, Қоян келді кеңкиіп. Аяқтары жаураған, Қолдары да жаураған,	тұр ма, жақында тұр ма? **Сергіту сәті. Қоян** Ыршып,ыршып секіріп, Қоян келді кеңкиіп. Аяқтары жаураған, Қолдары да жаураған, Жылытпақ боп тырысты, Жүгірді де қуысты. Бір жоғары, бір төмен Жүр аяқтың ұшымен. Секіреміз, отырамыз, Аяқтарды жылытамыз Қоянның суретін салу **(Математика негіздері, сурет салу)** **«Өнегелі 15 минут»** **«Кім ақылды» әңгімесі** **Ұлттық ойын** **«Сақина жасыру»** **Ойын мақсаты:** балаларды алғырлыққа баулу. **Ойын шарты:** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.	**2.** – Бүгінгі оқу қызметінде І.Байжұмановаңың "Күзде" өлеңімен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып беру. **Күзде** Алма пісіп, алмұрт түсіп, Күзде бақтар жайнайды. Құстар қайтып, қош айтысып, Қимас үнмен сайрайды. ***Сергіту сәті.*** Алма баққа барайық, Алма теріп алайық. Жерге түскен алманы Теріп, теріп алайық. ***Сұрақ-жауап.*** - Жылдың қай мезгілі туралы айтылған? **-** Күзде қандай жемістер, көгөністер піседі? - Күзде не жауады? - Құстар қайда ұшып кетеді? Алмаларды бояуды сұрайды, қиылған алмаларды құрастыру, жеке жұмыс жүргізеді. **(көркем әдебиет, музыка, құрастыру)** **"Көлік" ойыны.** - Балалар, бәріміз бірге "Көлік" ойынын ойнайықшы? Міндеттері. Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталдырылатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын балаларға көрсетеді. **(қоршаған**	түсінік беру. сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілі мен сәйкестендіре білу қабілетін дамыту. үй жануарларына қамқорлық көрсетуге үйрету. **1.**Жансүгіровтің өлеңін оқып, сұрақ қояды: Шөре, шөре лағым, Тентек болма шырағым. Секеңдемей, деміңді ал, Селтеңдемей құлағың, – деп нені айтамыз? **2. Негізгі кезең.** – Сендер қандай үй жануарларын білесіңдер? Неге үй жануарлары деп атаймыз? – Қолда ұстайтын, адам күтіп-бағатын жануарларды *үй жануарлары* деп атайды. **Сергіту сәті:** Құлыншағым, құндызым, Құлдырайды, шабады. Жылтыңдаған жұлдызым Құстай қанат қағады. (І. Жансүгіров) «Төлдерін тап?» ойынын ойнату Ойынның шарты: суреттен үй жануарларын көрсете отырып олардың төлдерін тауып, сәйкестендіреді. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан үй жануарларын төлдерімен қайталату.Үй жануарларын атайды. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)** «Жол және орындық» Құрылыс материалдарынан жол және орындық жасауды үйрету. **(Құрастыру)** **«Smart bala» жобасы**

	Балалар дыбыс ырғағымен жаңбырдың ақырын және қатты жауғанын алақан соғысы арқылы салады. Күн күркірегенде аяқты топылдатып, найзағай суреті көрсетілгенде секіріп тоқтап қалады. Әуен аяқталғанша құбылыстар бірнешерет қайталанады. Күтілетін нәтиже: әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды; **ҰІӘ міндеттері:** кеңістік бағыттарын анықтауға баулу (жоғары – төмен); геометриялық пішіндермен таныстыруды жалғастыру: үшбұрыш. Логикалық ойлауын дамыту. **1. Шаттық шеңбері.** Сәлемет пе, көк аспан! Сәлеметпе, алтын күн! Сәлеметпе, достарым! Қуанамынкөргенде! Балалар шаттық шеңберді айтады. **2.«Кеңістікте бағдарлану – жоғары–төмен».** Балалар суретті қарайды, Қай жерде құс, ал қай жерде көбелек ұшып жүргенін анықтап, атайды. **«Жоғары –төмен» ойыны**. Балалар доппен ойнап жүрген суретке назарларын аударуды сұрайды. – Суреттен кімді көріп тұрсыңдар? – Олар не істеп жүр? – Кім допты жоғары лақтырды?	Жылытпақ боп тырысты, Жүгірді де қуысты. Бір жоғары, бір төмен Жүр аяқтың ұшымен. Секіреміз, отырамыз, Аяқтарды жылытамыз Қоянның суретін салу **(Математика негіздері, сурет салу)** Ойын-жаттығу "Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз т,д дыбыстары." Міндеттері. Балаларды сөздердің буындарының құрамында т, д дыбыстарын айту тәртібімен таныстыру; көліктерді атай отырып, негізгі қимылдау қасиеттерін баяндауыш сөзімен сипаттауда машықтау. **«Өнегелі 15 минут»** "Достық пен көмек" **Міндеттері**: Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету**.**		**ортамен танысу)** **Ұлттық ойын «Көтермек»** Ортаға екі ойыншы бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірінші бірін- бірі арқада көтеріп алса,сол бала жеңіске жетедің. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. **“Адал азамат” бағдарламасы** **Қауіпсіздік ережелері.** Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. **«Өнегелі 15 минут» "Адал дос" әңгімесі**	**«Өнегелі 15 минут» «Кішкентай бағбан» әңгімесі**

	– Кім допты төмен лақтырды? Тапсырма береді: Жоғарыдағы допты – көкпен, төмендегі допты – қызылмен бояуды ұсынады. Балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, салған суреттеріне қарап мүсіндейді жеке жұмыс жүргізеді. **(математика негіздері, сурет салу, мүсіндеу)**				
2-ші таңғы ас	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**№ 4** **Бақылау: Желді бақылау**. **Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру **.** **Еңбек** : « Әдемі гүлдер » **Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. **Жеке жұмыс:** Тақпақ. « Жел » **Мақсаты:** Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **Қимылды ойын:**	**№ 2** **Бақылау: Бұлтты бақылау.** **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату **.** **Еңбек** :Ауладағы гүлдерді суару. **Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. **Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау	**№ 14** **Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.** **Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. **Еңбек** : Ағаш түптерін қопсыту. **Мақсаты:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. **Жеке жұмыс:** « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » . **Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш	**№ 20** **Бақылау: Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.** **Мақсаты:** Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. **Еңбек: Біздің ауламыз.** **Мақсаты:** Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. **Жеке жұмыс** : « Күзгі киім » . **Мақсаты** : Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету **.** **Қимылдық ойын: «** Күн мен түн » . **Мақсаты:** Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшаңдыққа,	**№ 19** **Бақылау: Күзгі көріністі бақылау.** **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін айыра ьілуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. **Еңбек: Ойын алаңы.** **Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. **Қимылдық ойын: « Қашпа, доп » .** **Мақсаты:** Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. **Қимылдық ойын:** « Жүгіріп өтуге үлгер » .

	«Айгөлек-ау, айгөлек» . **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. **Ұлттық ойын** Орамал тастау » . **Ойын барысы:** Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды. **Дербес ойындар:** 1. «Желмен жарысайық»	қабілетін арттыру. **Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?» **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. **Дербес ойындар:** 1.Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. **Тренинг:**«Біз тату баламыз»	заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. **Қимылдық ойын** : « Допты қуып жет » . Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. **Қимылдық ойын: « Кім тезірек? »** **Мақсаты:** Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. **Тренинг:**« Қолшатыр » .	ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Қимылдық ойын** : « Ортасына дейін кім бұрын жетеді? » . Мақсаты: Балалардың қимыл- қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа , ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Екі қысқа жұмыр таяқ алынады. Ұзындығы 8 м жіпті екі шынан байлайды.Оның қақ ортасына лентемен байлап белгілейді. Балалар таяқтарды алады да, бір-бірінен алшақтап, екі жаққа қарай жіпті таяққа орап, екі қолдарымен таяқты айналдыра бастайды да , алға қарай жылжиды. Жіпті лентаға дейін кім бұрын ораса , сол жеңген болып есептеледі. **Тренинг:** «Бір шаңырақ астында» .	**Мақсаты:** Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың біреуімен жіптің екі ұшын (ұзындығы 3-4м.) ұстап, оны жүгіріп келе жатқан балалардың бағытына қарай жайлап айналдырады.Балалар бірінен соң бірі, жіп жоғары көтерілген кезде жіптің астынан жүгіріп өтуге үлгеруі қажет. Тәрбиеші балалар қимылын реттеп отырады.Ол әрбір жүргізушіге: « Жүгір! » деген сигнал береді.Әрі қарай жіптің өтуге тырысулары қажет . **Дербес ойындар:** Қуаласпақ Қояндар секіреді. **Тренинг:**«Қолшатыр».
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»-** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(тіл дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып				

	жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»-** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Дөңгелектер"** Көлік түрлерінің түсіп қалған дөңгелектерін орнына жапсыру. **(жапсыру)** **"Гараж" құрастыру.** Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады. **(құрастыру)**	**"Үй құрастырамыз".** Балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы балалардың білімдерін, балалардың сөздік қорын кеңейту. **(құрастыру, тіл дамыту)**	**Вариативтік компонент:** **«Дені сау болу -керемет»** **Тақырыбы:** «Аю мен қояндар» **Мақсаты**: Қозғалыс әрекетіне эмоционалды қызығушылықты дамыту. Балалардың қозғалыс қажеттілігін арттыру. Жыланша жүгіру, сапта бір - бірлеп жүру, соққыдан соққыға қарай қадам жасауға үйрету. Төзімділікке, ептілікке, тапқырлыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Аю»	**"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.** балаларды екі үлкен құрсауға тұрғызып, торғай болатындарын және мысықтың оларды аңдып, ұстап алса, бәрін жеп қоятындарын айтады. "Торғайлар серуенде" дегенде екі құрсаудағы балалар шығып, қанаттарын қағып, жерге отыра қап "жем" шоқи бастайды. Мысық пайда болған кезде педагог "Мысық!" дегенде торғайлар құрсауларға қашып кірулері керек. **(Дене тәрбиесі)** **"Қарбыз тиелген жүк машина"** Жүк машинасына қарбыздарды мүсіндеп жабыстыру. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(мүсіндеу)**	**Санамақтар айтқызу.** "Нешеуміз?" Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым - әкем, Балаң үйрек - анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек - мен, Кішкене бөбек - сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **(математика негіздері, тіл дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла,	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма,	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина

	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыруға және құрастыруға үйрету **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы**	Асма, Медина Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыруға үйрету **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	Заттарды және олармен әрекет етуге,оларды таныуға үйрету **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	Медина Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айтуға үйрету **Коммуникативтік дағдылары**	Заттардың бойымен, астымен еңбектеуге үйрету **Физикалық қасиеттерді дамыту**
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. **Ұлттық ойын:** **«Ақ серек-Көк серек»** **Ойын мақсаты:** балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді. **“Адал азамат” бағдарламасы** Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**.№ 4 Бақылау: Желді бақылау**.	**№ 2 Бақылау: Бұлтты бақылау.**	**№ 14 Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.**	**№ 20 Бақылау: Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.**	**№ 19 Бақылау: Күзгі көріністі бақылау.**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Үйшік» Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру **(Құрастыру)**	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар орындық т.б **(құрастыру)** Қ/о: Тырналар-тырналар	Мысықтың дауысын салу. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»	Қандай көкөніс пен жеместерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Сурет салу, кітап қарауды ұсыну.	Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – Әділдік және жауапкершілік

Аптаның дәйек сөздері: *«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»*

Топ: «Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 17 – 21 қараша 2025 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Әңұран айту.** Еліміздің рәміздері туралы әңгіме жүргізу.	**«Көңіл толқыны»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	**«Сарыарқа»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	**«Ақ жауын»** күйімен қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	**«Адай»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**
Ата-аналармен немесебаланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**«Өнегелі 15 минут» "Тыңдау және жауап беру"** **Міндеттері**: Біреуді мұқият тыңдауды және жауап беруді үйрету.	**«Өнегелі 15 минут» «Балабақша өз үйім» әңгімесі**	**«Өнегелі 15 минут» "Достық пен көмек"** **Міндеттері:** Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету.	**«Өнегелі 15 минут» «Балабақша туралы» әңгімесі**	**«Өнегелі 15 минут» «Көңіл күйіді қалай көтеруге болады?» әңгімесі**
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	**«Бөліктерді құрастыру» ойыны** **Міндеттері**: қиынды суреттерден ойыншықтар бейнесін құрастырады. **(Құрастыру)**	**«Сәйкестендіріп жина» ойыны** **Міндеттері:** доптарды түстеріне сәйкес қораптарға жинай алады. **(математика негіздері)**.	**Үстел үсті ойындар. "Пазл "құрастыру** **Міндеттері**: Балалар үстел-үсті ойындар арқылы еркін жұмыс жасады.	**Дидактикалық ойын: «Мынау қай пішін?»** **Міндеттері:** Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. **(математика негіздері)**	**«Бауырсақ» ертегісі** **Міндеттері:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру. **“Адал азамат” бағдарламасы**
Ертеңгілік жаттығу	№ 6 жаттығу кешеші қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»-** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Жұмбақтар жасыру.** **Мақсаты:** жұмбақ жасыру арқылы балалардың ой – өрісін,ойлау қабілетін дамиды. **(тіл дамыту)**	**Жұмбақ шешу** 1.Бұрап қойған сағаттай, Айқайлайды таң атпай. (Әтеш) 2.Кеудесі қайқаңдап, Жүреді байпаңдап. (Қаз)	**Артикуляциялық жаттығулар** «Тәтті тосап», «Сәугілік», «Қақпа». **Міндеттері:** артикуляциялық аппаратты	**«Ойлан тап».** 1.Жыланды қалай інінен шығарамыз? (Жылы - жылы сөйлесе, жылан інінен шығады) 2. Инемен құдық қазуға	**Жаңылтпаш айтқызу.** **Міндеттері**: сөздік қорын молайту, тілдік қарым-қатынас орнату. «Тақпақ жатта, Жатқа жатта»

		3. Суға түссе балықтай, Жүзе береді жалықпай. (Үйрек)	жетілдіру. **(тіл дамыту)**	бола ма? (Білім инемен құдық қазғандай) 3.Аппақ қарға бола ма? (Қарға баласын аппағым дейді)	Тырна қырда, Қырда тырна
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** **(таза ауада)** **Міндеттері:** балаларды бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бірбірден, екеуден жүруге үйрету. Кедергілерден «жыланша» ирелеңдеп жүру, тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. **Кіріспе** Шаттық шеңберінде сәлемдесу. **Негізгі қимылдар:** 1.**Жүру**. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жұппен) жүру; «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: 2. **Жүгіру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. **3.Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа	**Дене тәрбиесі** **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жұппен) жүру; Қимыл-қозғалысты әртүрлі денешынықтыру жаттығуларымен және ойындармен толықтыра түсу. Шаттық шеңберінде сәлемдесу. **Кіріспе** **Негізгі қимылдар:** 1. **Жүру**. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, 2. **Жүгіру**«жыланша», шашырап жүгіру; **Жалпы дамыту жаттығуларын жасату**: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; Қимылды ойын: **«Шыбыққа қалпақ кигізу** Балалар тәрбиешінің	**Қазақ тілі** **Міндеттері**. Балаларды киім атауларымен таныстыру.Оларды түсімен атауға үйрету. Салем алтын күн, Салем әдемі аспан. Сәлем құстар, Сәлем достар. Балалар бүгінгі тақырыбымыз **«Киімдер».** Киімдерді қазақша атау. -Мынау көйлек. -Мынау жейде. -Мынау шалбар. Келесі киімдерді түсімен атайықшы. -Мынау көйлек.Түсі қызыл. -Мынау жейде.Түсі сары. **Дыбыстық жаттығу.** Кө-кө-көйлек. Құ-құ-құлақшын. Кү-кү-күрте. Бә-бә-бәтеңке. **дидактикалық ойыны «Азаматты киіндіреміз».** Балалар тапсырманы тақтада орындайды. Азаматтын бир киімін жапсыру. **(жапсыру)** Субұрқақтар туралы не білетіндерін сұрау. Сурет бойынша әңгімелеуді жетілдіру. **(тіл дамыту)**	**ҰІӘ міндеттері:** заттардың өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау:(алыс – жақын); көріп қабылдаған ақпарат негізінде жұмбақтар шешуді жалғастыру; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді (жапсырмалар) кезектілігін сақтай отыра суретті толықтыру мақсатында жапсыру дағдыларын дамыту; **1.**«Қорқақ» атты тақпағын оқиды. Қоян қорқақ, Көрпеңде бұқпа. Балалармен ойна, Далаға шық та. Қорқақ, қорқақ, Ұйқыңнан оян, Оян, қорқақ қоян! – Бұл тақпақ не туралы екен? Тақпақты оқыған нан кейін, қораптан қоянды алып, оның қалғысы келетінін, бізбен бірге тапсырманы орындағысы келетінін айтады. **«Алыс – жақын» ойыны**. балалар мен қоянға суреттегі бие мен құлындарға қарауын ұсынады. Балаларға сұрақ қояды: – Суреттен нені көріп тұрсыңдар? –Қара құлыншақ қайда	**Дене тәрбиесі** **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру, жүгіруге дағдыландыру. **Кіріспе** шаттық шеңберінде сәлемдесу. **Негізгі қимылдар:** **Жүру**. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, **Жүгіру** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта **Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға секіреді **Жалпы дамыту жаттығуларын жасату**: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); **Қимылды ойын:** **«Қоян мен қасқыр»** ***(Тәрбиеші балалармен бірге)*** Санамақ бойынша қасқыр мен лақты

	секіру. **Жалпы дамыту жаттығуларын жасату**: заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; **Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»** Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке)лактырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді. Қорытынды **Тыныс алу жаттығуларын жасату** **Ұлттық ойын «Көтермек»** Ортаға екі ойыншы бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірінші бірін- бірі арқада көтеріп алса,сол бала жеңіске жетедің. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. **“Адал азамат” бағдарламасы** **ҰІӘ міндеттері**: балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін	көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді.Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді. Қорытынды **Тыныс алу жаттығуларын жасату** **Ұлттық ойын «Сақина жасыру»** **Ойын мақсаты:** балаларды алғырлыққа баулу. **Ойын шарты:** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды. **ҰІӘ міндеттері:** балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету; шаршының түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсіну;көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; үшбұрышты нүктелер бойынша қосу; заттардағы геометриялық пішіндерді тану және оларды атау білігін дамыту. **Шаттық шеңбері.** –Сәлеметсіңдер ме,	Су бұрқақты қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту. **(сурет салу)** «Жол және орындық» Құрылыс материалдарынан жол және орындық жасауды үйрету. **(Құрастыру)** **«Smart bala» жобасы** **Ұлттық ойын «Түйілген орамал»** **Ойын міндеттері:** ойын балаларды шапшандық пен ұйымшылдық қасиетіне баулиды. **Ойын шарты:** Кез-келген орамалды алып, оны түйеміз. Ортаға бірінші ойыншы шығады. Ойын басталғанда басқа балалар орамалды жерге түсірмей бір-біріне лақтырады. «Қоғамдық мүлікті қорға!» **«Балабақша өз үйім»** Балабақша туралы өлең оқиды. – Өлең не туралы? – Балабақшаға кімдер барады? – Балалар балабақшада не істейді? – Балаларға кімдер қарайды? *Балабақша туралы әңгіме жүргізу.* – Балабақша – 2–3 жастан мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін орын. Балалар,	шауып кетті? **Қоян** Ыршып, ыршып секіріп, Қоян келді кеңкиіп. Аяқтары жаураған, Қолдары да жаураған, Жылытпақ боп тырысты, Жүгірді де қуысты. Бір жоғары, бір төмен Жүр аяқтың ұшымен. Секіреміз, отырамыз, Аяқтарды жылытамыз. **«Терезесін жапсыр».** – Пойызға мініп көргендерің бар ма? Содан соң суретті көрсетіп, пойызда біздің қоянымыз жүргізіп бара жатқанын айтады. сұрақтар қояды: – Пойызды қандай аң жүргізіп бара жатыр? Қоян балалардан жапсырмалардың көмегімен пойыздың терезелерінің шамдарын жағуды сұрайды. Ол үшін жапсырмаларды вагондардың терезелеріне жапсыруды тапсырады. **(математика негіздері, жапсыру)** Балалардың алдында екі шыны ыдыс тұрады: біреуіне су, ал екіншісіне сүт құйылған. Екі ыдысқа да қасық салып, қайсысынан көрінетінін қайсысынан көрінбейтінін бақылайды. Су бар ыдыстан қасықты көруге болады, ал сүт тұрған ыдыстан қасық көрінбейді. «Су мөлдір ал сүт мөлдір	сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады. **Қорытынды** **Тыныс алу жаттығуларын жасату** **ҰІӘ міндеттері**: Мазмұнын анық түсіне білуге, интонациясын қабылдауға үйрету. Өлеңнін мазмұнын сұрақ жауап арқылы қайталата отырып есте сақтау қабілетін дамыту. ***Шаттық шеңбері*** Балалар шеңбер Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық. Таза ауамен демалып, Жақсы ойлар табайық. Осы жақсы лебізді Бір-бірімізге сыйлайық. **2.*Тосынсый.*** Қонаққа Торғай ұшіп келеді. Балалармен амандасады. Торғай *не істейді? Ұшады.* Бүгін біз, балалар, «Торғай мен мысық» өлеңін жолдарын оқып, әңгімелейміз.

	кеңейту, ойыншықтардың аттарын атай отырып, оларды сипаттап айтуға дағдыландыру. Жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде айту қабілетін дамыту. **1. Шаттық шеңбері.** Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз, Күлімдеген күндейміз, Еш уайымды білмейміз. **2. Негізгі кезең.** – Балалар, сендерді ата-әжелерің, әке-аналарың қандай сөздермен еркелетеді? – Балалар, қандай үй жануарларын білесіңдер? **Сергіту сәті:** **Құлыншағым,** **құндызым,** Құлдырайды, шабады. Жылтыңдаған жұлдызым Құстай қанат қағады. **(І. Жансүгіров)** **«Не қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойыны.** **Шарты:** үлестірмелі суреттерді пайдалана отырып, жануарлардың қалай дыбыстайтынын қайталайды. жануарлардың суретін көрсетеді. – Бұл не? – Сиыр. – Сиырдың төлі қалай аталады? – Бұзау. Олар қалай дыбыстайды? «Мө-мө-мө» дейді. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)**	балалар! «Қайырлы таң!» дейік. Арайланып таң атты, Алтын шапақ таратты. Қайырлы таң, балалар! Аман Отан – панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң, балалар! **2.Негізгі кезең.** **сұрақтар қояды:** –Қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? **«Үшбұрышпен танысамыз»** ойыны. Педагог жаңа геометриялық пішін – үшбұрышты қарауды ұсынады. Үлкен үшбұрыштың макетін көрсетеді, оның бұрыштары бар екенін, олар үшеу болатының айтады. **«Қуырмаш» – саусақтарымызды жаттықтырамыз.** Қуыр-қуыр, қуырмаш, Балапанға бидай шаш. Тауықтарға тары шаш. Апаң келсе есік аш. Қасқыр келсе,мықтап бас Мына жерде аю бар, Мына жерде қасқыр бар, Мына жерде қоян бар, Мына жерде түлкі бар, Ал мына жерде күлкі бар **«Үшбұрышты бастырып сыз»** ойыны Содан соң педагог балаларға саусағымен суреттегі бағыт сызығын бойлай жүргізіп шығуын өтінеді. Үлкен үшбұрышты қызыл қарындашпен, кішкентай үшбұрышты көк	балабақшада сендерге кітап оқып беретін, сендермен күнде қыдыратын кім? – Педагогке көмектесетін кім? – Ол қалай көмектеседі? – Жарайсыңдар, балалар! Бізге ормандағы аңдардан хат алып келіпті. Кәне, хатқалтаны ашып көрейік (хатты ашып, ішінен аспаз бен дәрігер бейнеленген екі сурет алып шығып, оларды мольбертке іледі). ***«Ғажайып қапшық» дидактикалық ойыны.*** **Шарты:** қапшықтан заттар бейнеленген суреттерді бір-бірден алып шығады. **Мысалы:** **– Аспазға азық-түлік,** қазан, таба, тамақ пісіретін плита керек. – Дәрігерге дәрумендер, температура өлшегіш (градусник), дәке керек. **Сурет бойынша балабақша туралы әңгіме жүргізеді.** ***Жеке жұмыс:*** Топтағы кейбір балаларға аспаз бен дәрігердің жұмыстары туралы сұрақ қояды. Жауаптарын тыңдайды, толықтырады. – Балабақша дегеніміз не? – Балабақшада кімдер қызмет етеді? – Өз балабақшаларыңды жақсы көресіңдер ме? **“Адал азамат” бағдарламасы**	емес». **қоршаған ортамен таныстыру)** Сылдырайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен, әрдайым, Таза бетің, маңдайын, Тазалықтың досы,су. **(көркем әдебиет)** Су тамшысын ермексаздан мүсіндеу және пазл құрастыру. **(мүсіндеу, құрастыру)** Су тамшыларын жабыстыру **(жапсыру)** **Қауіпсіздік ережелері.** Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. **Ұлттық ойын:** **«Бөрік жасырмақ»** **Ойын мақсаты:** балаларды алғырлыққа баулу **“Адал азамат” бағдарламасы**	Өлеңді оқып беру. **Торғай мен мысық** Жем шоқыған торғайға Көзі бірден түсіп. «Бұл әдемі ас болмай ма?» Қадам басты мысық. Бір, екі, үш, Торғай, торғай, ұш! ***Сергіту сәті:*** Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонбайсың. Жем шашайын, тойып ал, Сонда, торғай, тоңбайсың. ***Сұрақ-жауап***. – Өлең шумағында не жайлы айтылған? – Торғай жерден нені шоқыды? *(Жемді)* – Мысық нені жемекші болды? (*Торғайды жегісі келді)* – Мысықтын көзі неге түсті? *(Торғайға)* – Торғай қайда ұшады? *(Аспанға)* ***Ойын: «Торғай мен мысық».*** Мақсаты: Балалар шеңбер құрып тұрады. Санамақ арқылы бір бала мысық болып сайланады. Қалған балалар торғайлар рөліне енеді. Құстардын қиылған суреттерін құрастырады **(көркем әдебиет, музыка, құрастыру)**

	Музыка Би қимылдарын еркін орындауға, түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу, дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен музыка ырғағымен секіруге үйрету **Ән тыңдау:«**Орман шуы» К.Қуатбаев **Ән айту:**«Төлдер» А.Райымқұлова **Муз – ырғақты қимыл:** «Шөжелерім» (Г.Гусейнли) **Күтілетін нәтиже:** қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өзбетінше орындайды;	қарындашпен бастырып сызу тапсырылады. **(Математика негіздері, сурет салу)**			
Серуен	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Балалармен жеке жұмыс** *Жаңылтпаш* Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? *Өлең «Қыс» О.Иманәлиев.* Көкті бұлт тұмшалап, Жер ақ тонын киеді. Шұнақ аяз шымшылап, Ақ бетіңнен сүйеді. **Коммуникативтік дағды**	**№ 2** **Қар басуын бақылау** *Жұмбақ***.** Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) *Болжау* Қар түссе- күн жылынады **Коммуникативтік дағды** **Мақсат:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік	**№ 3** **Желді бақылау.** *Жұмбақ* Бір нәрсе көрінбейді бар ғой өзі, Адамзат ол нәрсені көрмес көзі. Жансызды қимылдатып жанды қылар, Ызылдап, ызың қағар айтқан сөзі. (жел) **Коммуникативтік дағды** **Мақсат:** Балаларға қыста	**№ 4** ***Аспанды бақылау*** *Жұмбақ* Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын, Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын. Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін, Іші кең бәрін салса толмайтұғын. (аспан) **Коммуникативтік дағды** **Мақсат:**	**№ 7** **Тайғанақты бақылау** **Мақсат:**Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық

	Мақсат: Балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын***:* **«Кегліні құлат»** Кегліні құлата отырып, клюшканың көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек***:* **Демалыс орнын қардан тазарту**. Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Ынталы еңбек етуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы ауту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын***:* **«Қармен ойнау »** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	желдің суық өткір екенін түсіндіру. Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын:** «Екі аяз» Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Жолды қардан тазарту** Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту. Аспан қыс басында ашық бұлттармен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында аспан айқын-көк, өте әдемі таза болады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Ұйымдастырушылар»** Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттық ойын түрлерін көрсетудегі қозғалыс түрін білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынталы болуға тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ағаштардың жиектерін қармен жабу.** Өсімдікке құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбек мәнділігін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін) . Еңбек ету дағдыларын дамыту. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында түзіледі. Тайғанақпен қалай күресуді ескерту. Тайғанақ кезінде өзінің қауіпсіздік шараларын білуге үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылау ынтасын дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын***:* **«Ұзын жол бойында»** Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Жолға құмды төгу** Жолға құм төгу- еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»-** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				

	Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(тіл дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»-** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жаңылтпашты бірге қайталату. Жапалақтап, қаптап ақ қар жауды. Алқапты аппақ ақ қар жапты. - Балалар, қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар екен,есімізге түсірейікші? Екі топқа бөлу. 1 топ аққаланың суретін салу. 2 топ: Аққаланы ермексаздан мүсіндеу. **(Сурет салу,мүсіндеу)**	«Аю мен қасқырлар» ертегісін оқып беру,әңгімелеу. **(көркем әдебиет)** Сергіту сәті: «Аю,аю тұршы» **(музыка)** Ертегіден түсінгендерімен композиция құрастыру. **(жапсыру,мүсіндеу, құрастыру)**	**Вариативтік компонент:** **«Дені сау болу -керемет»** **Тақырыбы: «Қолғап» (украин ертегісі бойынша)** Міндеті: Жануарлардың бейнелік қимылдарын жеткізуді үйрету. Ұйымшылдыққа, өрмелеу және одан түсе білуге үйрету, қимыл координациясын дамыту, балаларды батылдыққа тәрбиелеу. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Жұмбақ: Қа-қа-қа Көлде бір бақа. Ян-ян-ян, Қорқақ қоян. Қу-қу-қу, қу Түлкі Ыр-ыр-ыр Қасқыр. Ю-ю-ю, Қорбаң-қорбаң Аю	Балалар көлік дегеніміз не? Көшедегі көліктерді реттеу үшін не қажет? Жолда жүру тәртібі не үшін қажет? Ойын: «Бағдаршам» Шарты:ермексаздан бағдаршамды мүсңндеу. **(Мүсіндеу)**	Кітаптардан ертегілерді қарастыру. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(тіл дамыту)**

			Ертегі тыңдаймыз: «Қолғап» ертегісін оқып береді. Тәрбиеші ертегіні қуыршақ театры арқылы әңгімелеп береді. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтар қояды. «Мінездеме суреті» дидактикалық ойыны. Ертегі кейіпкерлерін салыстырады. 3.Қорытынды: «Поезд» ойыны арқылы ертегі кейіпкерлерін анықтай отырып, ұйымдастырылған іс-әрекетін талдап, пысықтайды. Балаларды мадақтайды Қимылды ойын: «Пойыз»		
Балалармен жеке жұмыс	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Қарапайым сюжеттік композицияларды құрауды, мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерту. **(Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Біртекті заттарды топтастырып, олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп,жеткізе білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағдылары)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Қарқынды өзгертіп жүреді, жүгіруді дағдыландыру. **(Физикалық қасиеттері)**
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. **Ұлттық ойын** **«Ақ серек-Көк серек»** **Ойын мақсаты:** балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді. **Бір тұтас тәрбие Адал азамат Ұлттық құндылықты дамыту** Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл **дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**№ 1** **Ауа-райын бақылау** **Балалармен жеке жұмыс**	**№ 2** **Қар басуын бақылау**	**№ 3** **Желді бақылау.**	**№ 4** **Аспанды бақылау**	**№ 7** **Тайғанақты бақылау**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Ұлттық ойын: «Алақан соқпақ»** **Міндеті:** Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру. Ойын барысымен түсіндіру. Сөздік қорын дамыту. Қызығушылықтарын арттыру. **Ұлттық құндылықты дамыту**	**Ұлттық ойын: «Көтермек»** **Міндеті;**Балаларды ұлттық ойын таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. **Ұлттық құндылықты дамыту**	**Ұлттық ойын: «Орнын тап»** **Міндеті;**Балаларды ойын түрімен таныстыру. Сөздік қорын дамыту. Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу **Ұлттық құндылықты дамыту**.	**Ұлттық ойын: «Белбеу соқ»** **Міндеті:** Ұлттық ойындардың сан түрлігін айту. Шапшаңдылықтарын, ептілліктерін дамыту. Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. **Ұлттық құндылықты дамыту**	**Ұлттық ойын: «Қуалап соқ»** **Міндеті:** Балаларға ұлттық ойындардың тәрбиелік мәнін түсінддіру. Жігерліктерін, аяушылық сезімдерін дамыту. **Ұлттық құндылықты дамыту**
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Балалардың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Заң және тәртіп**

Апта дәйек сөздері: *«Тәртіп – тәрбие негізі»*

Топ: «Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 26 – 30 қаңтар 2026 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Әңұран айту.** Еліміздің рәміздері туралы әңгіме жүргізу.	Смайлик арқылы қарсы алу **«Көңіл толқыны»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	**«Сарыарқа»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	**«Адай»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	**«Адай»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**
Ата-аналармен немесебаланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**«Өнегелі 15 минут»** **"Достық пен көмек"** **Міндеттері**: Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету**.**	**«Өнегелі 15 минут»** **«Кішкентай бағбан» әңгімесі**	**«Өнегелі 15 минут»** **«Балабақша өз үйім»** әңгімесі	**«Өнегелі 15 минут»** **«Көңіл күйіді қалай көтеруге болады?» әңгімесі**	**«Өнегелі 15 минут»** **"Тыңдау және жауап беру"** **Міндеттері**: Біреуді мұқият тыңдауды және жауап беруді үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	**Үстел үсті ойыны «Мозайка»** **Міндеттері:** балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.	**«Сәйкестендіріп жина» ойыны** **Міндеттері:** қолғаптарды түстеріне қарай сәйкестендіріп жинау. **(математика негіздері)**	**«Мен дәрігер боламын»** **Міндеттері:** Балалар бір -бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады.	**«Шаштараз»** **Міндеттері:** Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. **(тіл дамыту)**	**«Мақта қыз» ертегісі** **Міндеттері:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру. **Бір тұтас тәрбие** **Адал азамат**

Ертеңгілік жаттығу	№ 10 жаттығу кешеші қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»-** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**« Жұбын тап»** **Міндеттері:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. **(математика негіздері)**	**Санамақ** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен.	**«Өлең» арқылы тіл ұстарту жаттығуы** Ша - ша – ша Айшаның шанасы тама(ша) Са - са –са Қасқыр соқты Мұса Ол - ол - ол Ағашта лимон м(ол) Ра - ра – ра Дүкеннен нан алды Сара Із – із – із Тамаққа қосты сәб(із) Жу-жу-жу Ыдысты тазалап(жу)	**«Тазалық –денсаулық кепілі»** Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай Жақсы көрер бар адам. **(тіл дамыту)**	**Мақал-мәтелдер айту.** **Міндеттері:** «Ұ», «ү», «і», «қ» дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға үйрету. Ұлық болсаң -кішік бол. Жүзден - жүйрік, Мыңнан - тұлпар. Ананың ізін қыз басар, Атаның ізін ұл басар. **(қазақ тілі)**
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** **(таза ауада)** **Міндеттері:** шананы төбешіктен сырғанату дағдысын қалыптастыру. Достарымен бірігіп ойнай білуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **І..Балалармен сәлемдеседі, допты көрсетеді:** Жүру. Тапсырманы орындай отырып, тизбекте бір-бірден жүру– допты жоғары, допты алға. Қолды шынтақтан жазу, допты екі жағынан қармап ұстау білігіне баса назар аударады. Екі тізбекке тұру. **ІІ. Негізгі кезең.** Қуыршақты (қоянды)	**Дене тәрбиесі** **Міндеттері:** сапта бір қатарда жүруге, сапта барлығын бірге нақты және бір қарқында музыка ырғағымен маршпен жүруге үйрету. **Кіріспе** Шаттық шеңберінде сәлемдесу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Сиқырлы сандықты тап!». Сандық ішінен жалаушалар табады. Жалаушалармен ойнауға ұсыныс жасайды. **Музыкалық-ырғақты қимылдар** Марш музыкасы бойынша нық әрі ырғақты қадам жасауға, қадамының синхронды болуына баса	**Қазақ тілі** **ҰІӘ міндеттері**.Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттау, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс айтуды (атауды) үйрету; Диалогтық сөйлеу негіздерін, есту және көру арқылы қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін, эмоцияналдық қабылдауын дамыту. Қысқы мерекелерге деген жағымды қарым-қатынасын дамытып,	**ҰІӘ міндеттері** әртүрлі заттарды ұзындығы бойынша қатар қойып салыстыруға үйретуді жалғастыру, салыстыру нәтижесін ұзынырақ, қысқарақ, ұзындығы бірдей сөздерін қолданып білдіру; Көру жадын дамыту, жадын, логикалық ойлауын; қолдың моторикасын дамыту. **Шаттық шеңбері.** **«Күлкі сыйла»** Шеңберге жинал, балалар. Сен – досымсың, мен – досыңмын. Қол ұстасып тұрамыз, Күлімдесіп қараймыз. Балалар шеңберге тұрады.	**Дене тәрбиесі** **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, белгі бойынша жыланша жерге жүгіру; Шаттық шеңберінде сәлемдесу. 1. **Жүру**. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, 2. **Жүгіру .** Белгі бойынша жыланша жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. **Жалпы дамыту жаттығулары** **№ 24 доппен орындалатын к е ш е н**

	шанамен сырғанату. Екі қатарға сапқа тұру. Затсыз орындалатын ЖДЖ (№ 1 қосымша, № 2 кешен). Жаттығудың бірдей басталып, бір мезетте аяқталуына назар аударады. **Негізгі қимыл түрлері:** **Екі аяқпен алдыға секіру.** Педагог жаттығудың қалай орындалатынын естеріне салады: бір мезгілде екі аяқтарымен бірдей екпінді түрде итерілу, қозғалған кезде қолын сермеу арқылы өзіне көмектесу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Өз түсіңді тап!»** Еденге түрлі түсті шеңберлерді (қызыл,көк, жасыл) орналастырады. Шеңбердің орнын ауыстырып тұрады. **III. Қорытынды кезең (рефлексия)** **Ойын жаттығуы: «Бір ізбен жүр».** **Ұлттық ойын** **«Сақина жасыру»** **Ойын мақсаты:** балаларды алғырлыққа баулу. **Ойын шарты:** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол	назар аударады. Қолдарына жалауша ұстап, тізбекте бір-бірден жүру,қолға арналған тапсырмамен, – жалаушаны жоғары, екі жаққа. **II. Негізгі кезең.** **Музыкалы-ырғақты қимылдар.** Музыка ойнаған сәтте нақты және бір қарқынмен адымдауға, қадамдарын бірдей басуына назар аударады. Бір қатармен қолға арналған жаттығулар жасап жүру – жалаушаны жоғары көтеру, жалауша ұстаған қолын екі жағына созу. **Екі қатарға тұрып жалаушалармен ЖДЖ орындау.** Шынтағын бүкпей жүруге назар аударады. **Негізгі қимылдарды орындау:** **Қолдарын екі жаққа созып, еденде жатқан баспалдақтың рейкаларынан аттап өту** – тізелерін жоғары көтеріп, аяғының ұшымен нық басып қою. Тепе-теңдікті сақтауға назар аударады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жоғарырақ лақтыр». Нұсқау – допты қағып ала алатындай биіктікке лақтыру. Егер доп домалап кетсе, допты ойыншының қолына беру **III.Қорытынды кезең.**	достыққа тәрбиелеу. Балалар,қазір қандай мезгіл? -Ауа райы қандай? -Айнала қандай? -Күн суық, болады. Кейде боран соғады. Сол себепті адамдар қыста тоңбас үшін, суық тиіп ауырып қалмас үшін қалың,жылы киімдерін киеді.Бұл киімдерді қыстық киімдер деп атайды. -Мынау не?... -Бас киімді не үшін киеміз? -Балалар қысқы киімдермен таныстық. Олай болса, балалар қыстық киіммен жаздық киімдерді ажыратып көрейік: *(*екі жәшікке салынған киімдерді көрсету арқылы ажыратқанын байқау) **Сергіту сәті:** Тоңса біздің басымыз-құлақшынкиіп аламыз. Тоңса біздің денеміз - тон киіп аламыз. Тоңса біздің аяғымыз - пима киіп аламыз. Тоңса біздің қолымыз - қолғап киіп аламыз (тіл **дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)** **ҰІӘ міндеттері**. қоян туралы түсінік беру, қоянның дене бөліктерін	**«Салыстыр және ата»ойыны.**Ленталармен жұмыс. Балаларға екі лентадан суырып алуды, олардың қайсысы ұзын, қайсысы қысқа немесе екеуінің ұзындығы бірдей екенін айтуды ұсынады. Бірінші педагог қалай ленталарды салыстыру керек екенін өзі көрсетеді. **Сұрақтар қояды:** – Абылай, сенің лентаң қандай түсті? – Қай лента ұзынырақ? -Қай лента қысқарақ? **Сергіту сәті:** **«Қуырмаш» –** саусақтарымызды жаттықтырамыз. Қуыр-қуыр,қуырмаш, Балапанға бидай шаш, Тауықтарға тары шаш. Апаң келсе есік аш. Қасқыр келсе, мықтап бас Мына жерде аю бар, Мына жерде қасқыр бар, Мына жерде қоян бар, Мына жерде түлкі бар, Ал мына жерде күлкі бар. **«Кім зейінді?» ойыны.** **С**уреттегі ойншықтарға назар аударады. Сұрақтар қояды: – Суреттегі сол жақтағы ойыншықты ата. – Оң жақтағы ойыншықты ата. –Қандай ойыншық тығылып қалған? Әр түрлі ойыншықтарды мүсіндеу,	**Негізгі қимылдар:** **Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. **Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу. **Қимылды ойын:** «Кегілді көзде» **Мақсаты:** кеңістікте бағдарын айқындау. Қорытынды **Тыныс алу жаттығуларын жасату** **Ұлттық ойын:** **«Арқан тарту»** **Ойынның шарты:** ойыншылар қарама-қарсы жаққа қарап жүрелеп отырады, арқанның байланған ұшын мойнына салып екі қолтықтың астынан өткізеді. Төрешінің белгісі бойынша әр ойыншы қарсыласын өз жағына қарай тартады. Белгілі межеге қарсыласын кім бірінші жеткізсе, сол жеңімпаз болып есептеледі. **Бір тұтас тәрбие Адал азамат** **ҰІӘ міндеттері**: Шырша ағашы туралы толық мағлұмат беру. Сөз байланысы арқылы сөйлеу, түстер арқылы шығармашылық қабілеттерін

	бала алақанын жаба қояды. **Бір тұтас тәрбие Адал азамат** **ҰІӘ міндеттері**: ойыншықтар және олардың достығы туралы сюжеттік әңгіме құрауға үйрету, "Ойыншықтар достығы" атты шығармамен таныстыра отырып, сөздік қорын дамыту, «қ» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату. **Шаттық шеңбер:** Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. 1.Оның әдемі көйлегі жыртылып, қатты жылапты. Оны байқаған ойыншықтар не істепті? – Маймыл не істеді? – Көжек қалай көмектесті? –Олар Қуыршақты аяп кетіп, біреуі көйлегінің жыртығын тігіп, ал біреуі шашын сәндеп, басынан сипап жұбатыпты. – Ал қонжық ше? –Қонжық болса, қуыршақты жерден көтеріп, орындыққа отыруына көмектесіпті. – Қуыршақ не себепті өзін танымай қалады? **Сергіту сәті:** Санайық жаңаша, Бір, екі, үш! Желбіре, жалауша, Достықта біздің күш! Қимылын келтіріп, жаттығуды орындайды. **«Менің досым» ойыны.**	**Ұлттық ойын «Көтермек»** Ортаға екі ойыншы бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірінші бірін- бірі арқада көтеріп алса,сол бала жеңіске жетедің. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. **Бір тұтас тәрбие Адал азамат** **ҰІӘ міндеттері:** Таныс заттарды биіктігі бойынша салыстыру білігін қалыптастыру (биік– аласа); ағзаның бөліктерінің орналасуына бағыт беруді жалғастыру: сол жақ – оң жақ; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді (жапсырмалар) жапсыру, қарындашпен жол салу дағдыларын дамыту. **1.«Қара және салыстыр» ойыны.** Педагог екі балаға бөлініп үй таңдап алуларын сұрайды. – Үйлер бірдей ме, әлде әртүрлі ме? – Дұрыс! Бір үй биік, ал екіншісі аласа. – Бір-біріңе арқаларыңды беріп тұрыңдар, біз қайсыңның биік, ал қайсыңның аласа екендеріңді көреміз. **2. Негізгі кезең.** **«Жол көрсет»** ойыны.	атай білуді, қоянның дене бөліктерін қағаз бетінде дұрыс орналастыра білуді үйрету. ***Ғажайып сәт.*** Топқа секіріп қоян келеді: Қайырлы күн, достар! Сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Армысың, шапағатты Күн-ана! Армысың, шапағатты Аспан-ана! Армысың, мейірімді Жер-ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! Қоян балаларға сұрақ қояды: –Қазір жылдың қай мезгілі? –Балалар, ұзын құлақ ақ қоянды жапсыруды үйренгілерің келе ме? Балаларға жұмыс барысын түсіндіреді. **Сергіту сәті:** Көжегім, тұршы, Бетіңді жушы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Киіміңді киші, Мектепке қарай жүрші, Орныңа отыршы, Сабағыңды оқышы. Балалар жұмысқа кіріседі. **Қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды.** **–Балалар, бәріміз бірге қоян сияқты секіріп көрейік.** **Ата-аналарға көрме**	**(математика негіздері)** **ҰІӘ міндеттері:** Киім туралы тусінік беру, жыл мезгілдерінің өзгерістеріне байланысты киімдерді сараптай білуді үйрету. **Шаттық шеңбері**. – Күннің шапағы қандай керемет! Сәлем, достым, Мен ғой досың! **Таңғажайып сәт.** Ортаға сандық алып шығады. – Балалар, мына сандықты кім әкелген? Сандықта жазу бар екен, кәне, оқиық: «Мен ғажайып сандықпын. Кәне, достым, қақпағын аш!». Сандықты ашады, оның ішінен құртақанды алып шығады. – Балалар, мына құртақан қонаққа бармақ. Бірақ қандай киім киерін білмей жатыр. **2. Негізгі кезең** Бір-бірлеп сандықтан киімдерді алып шығады. – Мынау не? – Бұл заттарды бір сөзбен қалай атауға болады? – Осы киімдерді құртақанға кигізуге бола ма? – Онда оған қандай киім керек? **Киімдер туралы жұмбақтар шешу.** – Сандықта тек жаздық киімдер ғана, ал қыстық	дамыту. **Жұмбақты мұқият тыңдау керек.** Тікен, тікен, тік пісте, Қысы-жазы бір түсте. *(Шырша)* ***Тосынсый.*** Қонаққа шырша келді. - Балалар, кәне бәріміз шыршаға жақын келейік, шыршаны көрейік. - Шыршаның түсі қандай? - Балалар, осы тақырыпта берілген ақын Есентай Ерботиннің «Шырша» өлеңімен танысамыз. **Шырша** «Бәрің көр мені!» Кеткен әсем құлпырып, Ойыншықтар тұр тұнып. Түрлі түсті шамдары – Түнде ғажап жанғаны. Көргендерді елітеді. Керемет бір ертегі. ***Сергіту сәті.*** Сонша әсем, сонша бай, Ағаш бар ма шыршадай, Әлем-жәлем тағып алған, Алтын алқа моншағы-ай. ***Сұрақ-жауап*** арқылы оқылған өлең шумақтарын әңгімелеу: – Шырша қандай? -Шыршаның түсі қандай? – Шырша әдемі болуы үшін оған не ілеміз? ***«Шыршаны безендіру» ойыны.*** Ортада тұрған жасыл шыршаны жаңажылдық ойыншықтармен безендіру. **(көркем әдебиет, музыка)** «Үйшік» Міндеттері: Құрастыру

	Шарты: балалар шеңбер құрып тұрады. Педагог допты лақтырып, кезек-кезек балаларға сұрақ қояды. – Сенің досың кім? – Сен досыңды жақсы көресің бе? – Досыңа қалай көмектесесің? Допты ұстап, сұрақтарға жауап береді, балалармен достық жайлы әңгімелеседі. Балалар қонжықтың суретіне қарап отырып сурет салады. **(тіл дамыту**, **көркем әдебиет, сурет салу)** **Музыка** Музыкалық шығарманы әртүрлі иллюстрациялық бейнелермен ұғындыру. Музыканың әсерлік белгілері (музыкалық бояуы) туралы баяндау. «Композитор» ұғымына түсінік беру. Жаңа ән үйрету. Бір үнділікпен ән салу дағдыларын жетілдіру. Мұқият тыңдауға, зейінділікке баулу. Би қимылдарын ырғаққа сәйкес, әсем қозғала орындауға дағдыландыру. Музыканың динамикалық реңкін анықтай алуға үйрету. **Ән тыңдау:** «Айналайын » Е. Өміров,Қ Жәленова) **Ән айту**: «Егер саған ұнаса...» әні, сөзін жазған Жаньярова Г. Егер саған	Балалардан суреттен үшбұрышты заттарды табуды тапсырады. – Суретте қандай зат үшбұрышты пішінді? – Шатыры үшбұрышты биік үйде Нұрәлі тұрады, ал Ақмарал шатыры үшбұрышты, аласа үйде тұрады. **Сергіту сәті**: «Қоян». Ыршып-ыршып секіріп, Қоян келді кеңкиіп. Аяқтары жаураған, Қолдары да жаураған, Жылытпақ боп тырысты Жүгірді де қуысты. Бір жоғары, бір төмен Жүр аяқтың ұшымен. Секіреміз, отырамыз, Аяқтарды жылытамыз. **«Үй саламыз»** ойыны. Аңдарға үйшіктің шатырын жабуға көмектесулерін сұрайды. Суретке қарауларын ұсынады. – Балалар, аңдардың үйшігінде не жетіспейді? – Үйшіктің шатыры қандай геометриялық пішінге ұқсайды? – Аңдарға шатырды жабуға көмектесеміз бе? **(Математика негіздері)** Балалар суретке қарап үйшіктің суретін салады, қиылған үйшікті жапсырады. **(сурет салу, жапсыру)**	**ұйымдастырады. (жапсыру)** **Ұлттық ойын «Жаяу көкпар»** **Ойынның мақсаты:** балалардыңептілік, шапшандылық, табандылық сияқты қабілеттерін ояту. Балаларды кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. **Ойын шарты:** ойынға тек ұл балалар қатысады. Тәрбиешінің белгісі бойынша, таяқшасын алып межеге қарай жүгіреді. Доппен межеге келген бала жеңіске ие болады. Ойын шарты бойынша доп ұстаған бала өзін басып озған балаға таласпай допты беруі керек. **Бір тұтас тәрбие Адал азамат**	киімдер туралы жұмбақтар бар екен. Енді оларды шешу керек. Есігі – біреу, Бөлмесі – бесеу. (Қолғап) Мойынға ол оралып, Жылулықты сақтайды, Аяздан бізді қорғайды. (Мойынорағыш – шарф) Теріден тігілген, Тек қыста киілген. Үлкен-кіші киген Ол не екен білсең? (Тон) Сандықтан жұмбақтардың шешулері болған киімдердің суреттерін алып шығады. – Ал мына киімдерді құртақанға киюге бола ма? – Киімді қалай күтуге болады? ***Саусаққа арналған жаттығу.*** Музыка әуенімен кеудешелерінің түймелерін ашады, қайтадан салады. **(қоршаған әлеммен таныстыру, сурет салу, музыка)** **Ұлттық ойын «Тақия тастамақ»** **Ойын мақсаты: балаларды** шапшандыққа ,ептілікке ойын арқылы баулу. **Ойын шарты:** Балалар шеңбер жасап отырады. Ойын жүргізуші шеңберді айнала жүріп, өзі таңдаған бір ойыншының	дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. **(Құрастыру)** **ҰІӘ міндеттері:** Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға үйрету. Сұрақтар арқылы ойлау қабілетін, тілдерін дамыту. ***Шаттық шеңбері*** Өтепберген Ақыпбекұлының төмендегі өлең жолдарын қайталайды: Жақсылық көрсең біреуден, «Мен қандаймын?» деп ойла. Жамандық көрсең біреуден, «Мен қандаймын?» деп ойла. *Балалар қимылдар жасайды.* **2. Негізгі кезең** ***Тосынсый***. Қонаққа қуыршақ Сәуле келеді. Балалармен амандасады. Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Қуыршақ Сәуле бүгін бізге сыйлық алып келіпті. **«Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру.** ***Сергіту сәті***. Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбырды. Ойлы, қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. *Балалар секіріп, қоянның*

	ұнаса, былай жаса (3 рет саусақты сыртылдату) Егер саған ұнаса, былай жаса (3 рет шарпалақтау) Егер саған ұнаса, көрсет оны ба сқаға (бір-біріне қарау) Егер саған ұнаса, қайтала (сауса қ, шапалақ) **Әуенді-ырғақты қимыл:** «Б*із адымдаймыз* » **Ойын:** «Көжекті ұстаңдар» **Шарты:** Бір бала теріс қарап тұрады, екінші бала ойыншықты жасырады. Сырттағы бала кіріп, ойыншықты іздей бастайды. Бала ойыншыққа жақындаса қатты шапалақпен белгі береміз, жасырылған жерден алыс жүрсе ақырын шапалақтаймыз.			артына тақиясын тастап кетеді де, қаша жөнеледі. Арқасына тақия тасталған ойыншы оны қуалайды. Ойын жүргізуші шеңберді айнала келіп өзін қуалаған баланың орнына келіп отыруы қажет. Егер үлгере алмаса ән немесе би орын дап береді. **Бір тұтас тәрбие Адал азамат** **Ұлттық құндылықты дамыту**	*қимылдарын жасайды.* ***Сұрақ-жауап:*** –Ертегі сендерге ұнады ма? – Түлкі нені көрді? - Түлкі қандай аң? - Олай болса, түлкінің қимылдарын жасап көрейік. Қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Қуыршақ Сәуле балалармен қоштасады. **(көркем әдебиет, тіл дамыту)**
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (тіл **дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**№ 3** **Суық торғайды бақылау.** **Мақсаты:** Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету. **Еңбек: «Қар тазалауды үйренеміз»** **Мақсаты:** Қардың жерге қалың түскенін айтып,	**№ 2** **Аязды бақылау.** **Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз туралы түсіндіру. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. **Еңбек:** Ойыншық күректермен қарды күреу. **Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп	**№ 6** **Айналадағы адамның қысқы еңбегі.** **Мақсаты:** Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру . **Тақпақ:** Қыстығүні таңертең, Ерте оянып жас бала. «Қар» деп сыртқа қарайды, Көңіл бөлмей басқаға.	**№ 9** **Қырауды бақылау.** **Мақсаты:** Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру. **Жұмбақ:** Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Қырау). **Еңбек: «Таза алаң».** **Мақсаты:** Ойын алаңындағы қарды тазалау. Тазалыққа баулу. Еңбексүйгіштікке үйрету.	**№ 13** **Бұлтты бақылау.** **Мақсаты:** Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). **Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. **Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге

	қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі калай ұстау керектігін үйрету. **Жеке жұмыс:** Торғай,торғай,тоқылдақ Жерден дәнді шұқып -ап Бөтекесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. **Мақсаты:** Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып, сөздік қорларын дамыту. **Қимылды ойын: «Қар лақтыру»** Мақсаты: Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге, жаман нәрселерден аулақ болуға, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.	жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. **Қимылдық ойын: «Сырғанақ тебу».** **Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. **Жеке жұмыс: Жұмбақ.** Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Аяз). **Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.	**Еңбек: Ауладағы қарды тазалау.** **Мақсаты:** Балаларды еңбекке ынтасын арттыру.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойын: «Ақ қоян».** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.**Жеке жұмыс:** Жазда таудың басында Қыста аяқ астында, Балмұздақтан аумаған Бұл не тағы расында? (Қар) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақ жасыра отырып, жылдам шешім таба білуге, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	**Жеке жұмыс:** Аппақ, аппақ қар аппақ, Қар жамылған дала аппақ. Қырау, қырау тал аппақ, Айналаның бәрі аппақ. **Мақсаты:** Қыс мезгілінің бейнесін сипаттай білуге үйрете отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. **Қимылдық ойын: «Шымшық доп».** **Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ойынға қызығушылығын арттыру.	үйрету. **Жеке жұмыс:** Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт) **Мақсаты:** Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. **Қимылдық ойын: «Мені қуып жет».** **Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»-** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ереже:				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»-** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				

	(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды топтағы ұлттық бұрышқа алып бару. Онда қандай заттарды таниды атату. Демалыс күндері қандай мереке тойладық сұрау. Жаттаған тақпақтарын, әндерін естеріне түсіріп айтқызу. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу, ұлттық бұрыштағы заттарға қарап бейнелеу немесе мүсінін жасау, қаласа дайын өрнектерді қоржындарға жапсыру. **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**	Бүгін аптаның қай күні, жылдың қай мезгілі туралы сұрау. Карточкалар арқылы тәулік бөліктерінің (таңертең, күндіз, кеш, түн) сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс әрекеттерді тәулік бөлігінің қай кезінде болатынын айтқызу. **(математика негіздері)** Қара жорға әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. **(музыка)**	**Вариативтік компонент: «Дені сау болу - керемет» Тақырыбы: «Қолғап»(украин ертегісі бойынша) Мақсаты:** Жануарлардың бейнелік қимылдарын жеткізуді үйрету. Шектеулі алаңда тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. Допты қақпаға домалатуда екпінмен итеруге жаттығу. Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу **Қимылды ойын**: «Қоймадағы тышқандар»	«Бата беру» тақырыбында әңгімелесу. Бата жаттату. **(тіл дамыту)** Бата беретін адамдардың суретін салуды ұсыну. **(сурет салу)**	«Қарлығаштың ұясы» ертегісін оқып беру. Қарлығаш туралы ақпарат беру, балалардың ойларын тыңдау. **(тіл дамыту)** Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдаланудағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Балалардың ұсынған ережелерін плакаттарға салып, топта іліп қоюын ұйымдастыру **(қоршаған әлеммен таныстыру, сурет салу)**
Балалармен жеке жұмыс	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Негізгі түстерді толық айта алмайды. **(Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге тырысады. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атауға талпынады. **(Әлеуметтік эмоционалды)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге тырысады **(Коммуникативтік дағдылары)**	Айым, Раяна, Айбар, Фатима, Зейін, Керей, Ақәділ, Арлан, Аяла, Асма, Медина Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, жартылай отырып, жүруге, жүгіруге талпынады. **(Физикалық қасиеттері)**
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. **Ұлттық ойын «Ақ серек-Көк серек»** **Ойын мақсаты:** балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді. **Бір тұтас тәрбие Адал азамат** Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл **дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	**№ 3 Суық торғайды бақылау.**	**№ 2 Аязды бақылау.**	**№ 6 Айналадағы адамның қысқы еңбегі.**	**№ 9 Қырауды бақылау.**	**№ 13 Бұлтты бақылау.**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті	Суретке қарап, киіз үйді	Орман жануарлары	Ермексаздан құм сағатын	Балалардың қалауы	Ермексазбен еркін әрекеттер

(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	құрастыруға мүмкіндік беру. **(құрастыру)** Дидактикалық ойын. «Сәйкесін тап» әр түрлі қима карточкалар арқылы **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	бейнеленген суреттерді қарату, жануарлардың отбасы мүшелерін таныстыру Қазақ халқы ою өрнектерді жасағанда осы жануарларға қарап жасағанын түсіндіру. Дидактикалық ойын. «Сәйкесін тап» **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Ермексаздан оюларды жасап көру. **(мүсіндеу)**	мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. **(мүсіндеу)** Күн тәртібі бейнеленген суретті бояту. **(сурет салу)** Мен қазақпын әнін айтуда, сөздерін анық айтуын қалыптастыру. **(көркем әдебиет)**	бойынша әрекет түрлерін таңдату. Ұлпалардың суретін салу, ермексаз және түрлі түсті қағаздармен жұмыстарды орындату. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату **(көркем әдебиет)**	жасату. **(мүсіндеу)** Кітаптардан ұлттық қол өнер туындыларын көрсетіп таныстыру.
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Сурет салу, кітап қарауды ұсыну.	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу.	Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді.	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Жасампаздық пен жаңашылдық**

Аптаның дәйек сөзі: *«Білім алып, жаңа нәрсе үйрен!»*

Топ: «Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 02 – 06 ақпан 2026 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Гимн орындау.** Еліміздің рәміздері туралы әңгіме жүргізу.	Қызыл жүрекшемен қарсы алу **«Ақ жауын»** күйімен қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	**«Сарыарқа»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	**«Адай»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**	Смайлик арқылы қарсы алу **«Көңіл толқыны»** күйімен балаларды қарсы алу. **(Күй күмбірі)**
Ата-аналармен немесебаланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**«Өнегелі 15 минут»** "Тұмау жұқпасының" адын алу шаралары туралы кеңес беру.	**«Өнегелі 15 минут»** «Әжемнің ертегісі».	**«Өнегелі 15 минут»** « Пайдалы және зиянды»ойындар туралы кеңес беру.	**«Өнегелі 15 минут»** «Баланы суықтап қалудан сақтандыру» кеңес беру.	**«Өнегелі 15 минут»** «Балаңызды бақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек» әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті	**«Бау»** **Міндеті:** қолдың ұсақ	**«Бағдаршам»** **Міндеттері:**	**«Мақта қыз» ертегісі** **Міндеттері:** Балалардың	Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін	**«Қай мезгілде киеміз?»** **Міндеттері:** киімдерді жыл

ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	қимылдары мен визуалды бақылауды үйлестіруді дамыту. Дәлдікке тәрбиелеу. **(Тіл дамыту, математика негіздері)**	Балаларды жол ережесімен таныстыру. **(тіл дамыту)**	кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру. **Бір тұтас тәрбие Адал Азамат**	жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу. **Экологиялық тәрбие**	мезгілдеріне байланысты атауларын атап үйрету, киім атауларын қайталату арқылы артикуляциясын дамыту. **(тіл дамыту)**
Ертеңгілік жаттығу	№ 11 жаттығу кешеші ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»-** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Тіл ұстарту жаттығулары: Ғай – ғай – ғай, Жарқылдайды найзағай.**	**Жұмбақтар жасыру. Міндеттері:** жұмбақ жасыру арқылы балалардың ой – өрісін,ойлау қабілетін дамиды. **(тіл дамыту)**	**Тіл ұстарту жаттығулары** Шек – шек – шек, Шығады бәйшешек**. (қазақ тілі)**	**Тіл ұстарту жаттығулары Міндеттері.**Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту. **(тіл дамыту**	**Жаңылтпаштар** Жыл мезгілі туралы 1.Ар-ар - ар Жауады қар 2.Ел - ел - ел Соғады жел т.б. **(қазақ тілі)**
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі Міндеттері:** Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. **Жүру,жүгіру.** Тізбекте педагогтің тапсырмаларын оырндай отырып, бір-бірден жүру : қолды жоғары; қолды белге. Тізбекте бір-бірден жүгіру. Жүру мен жүгіруді алмастырады. бір жаттығудан екіншісіне ауысу туралы нұсқау береді. **Негізгі кезең.** Төбешіктен шанамен сырғанау. балалардың төбешіктен сырғану үшін шанаға дұрыс	**Дене тәрбиесі Міндеттері:** Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. **Жүру,жүгіру** «Түрлі түстер доптар»ойын жаттығуы. Нұсқау – допты алу, онымен тиісті құрсаудың жанына барып тұру (жасыл доп жасыл құрсауда т.б.). Педагог балалардың жеңіл, ырғақты қозғалу біліктеріне назар аударады**.**	**Қазақ тілі ҰІӘ міндеттері**. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. **Ұйымдастырушылық кезең** балалармен бірге шеңбер құрып, бір-бірімен амандасады. Бәрі бірге мына өлең жолын қайталайды Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға **2.Негізгі кезең.** – Балалар, бізге қонаққа Сауысқан келді. Оның	**ҰІӘ міндеттері** Биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. **1.Ұйымдастыру кезеңі. Күтпеген сәт** –Балалар, бізге қонаққа қоян келді. Қоянмен амандасайық. Ол бізге тапсырма бермек. Тапсырманы орындауға келісесіңдер ме? Онда тыңдаңдар. **2. Негізгі кезең. Ойын: «Не үлкен?** Текшелермен жұмыс. Үстелде – 4 үлкен көк текше және 5 кішкентай қызыл текше. Олар араласып жатыр. Қолына бір үлкен және бір кішкентай текшені алып, сұрайды:	**Дене тәрбиесі Міндеттері:** Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. **Ұйымдастырылған іс әрекет Жүру,жүгіру Ойын жаттығуы:** «Сиқырлы дорба». Қолға допты ұстап, жүру, жүгіру, допты түрлі қалыпта ұстап аяқтың ұшымен жүру – жоғары, алға. Педагог балалардың назарын қимыл кезінде допты түсірмеуге, жеңіл, ырғақты қозғау біліктеріне аударады. **Жалпы дамыту жаттығуларын жасау.** Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және

